



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

11.09.2023 ж.

№ 27, 3-т.

**«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Абай облысы кәсіподақ ұйымы» ҚБ-де құқық қорғау жұмысын және еңбек занапасының орындалуына қоғамдық бақылауды ұйымдастыру туралы**

Абай облыстық кәсіподақ ұйымының төрағасы С.М. Ибраевтың «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Абай облысы кәсіподақ ұйымы» ҚБ-де құқық қорғау жұмысын және еңбек занапасының орындалуына қоғамдық бақылауды ұйымдастыру туралы» ақпаратын тыңдап және талқылағаннан кейін Салалық Кәсіподақтың Атқару Комитеті:

Абай облысының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының құрамына 25 000 кәсіподақ мүшелері, 9 филиал мен 399 бастауыш кәсіподақ ұйымдары кіреді.

Облыстың білім беру ұйымдарында 397 келісу комиссиясы бар.

Облыстық кәсіподақ ұйымы аппаратының штаттық кестесіне сәйкес Семей қалалық комитетінің штатына 0,5 ставка және Үржар аудандық комитетінің штатына 0,5 ставка құқықтық жұмыс жөніндегі бас маман лауазымы енгізілді.

2023 жылғы 19 маусымда «Абай облысының білім басқармасы» ММ мен «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Абай облысы кәсіподақ ұйымы» ҚБ арасында Абай облысының білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үш жылдық мерзімге арналған Әлеуметтік әріптестік туралы өңірлік салалық келісім жасалды.

Кәсіподақ ұйымдары құрылған білім беру ұйымдарында 396 ұжымдық шарт жасалды, оларға қажеттілігіне байланысты қолданыстағы заңнамаға сәйкес толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

Келісімдер мен ұжымдық шарттың талаптарын орындау бойынша бақылау жұмыстары және консультациялар жүзеге асырылады.

Ағымдағы жылы «Семей қаласының политехникалық колледжі» КМҚК-да, Бесқарағай, Бородулиха және Көкпекті аудандарының еңбек ұжымдарында еңбек заңнамасын сақтау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті

қорғау, Кәсіподақтар туралы заңнама, жұмыспен қамту, қызметкерлерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша тексерулер жүргізілді.

2023 жылғы 24 шілде мен 10 тамыз аралығында облыстық кәсіподақ ұйымы аппаратының құқықтық жұмыс жөніндегі бас маманы 88 мекемені жаңа оқу жылына қабылдау жөніндегі комиссияға қатысты. Қабылдау барысында еңбек заңнамасының талаптарын сақтау бойынша қоғамдық бақылау жүзеге асырылды. Жұмыс орындарының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарға сәйкестігіне, тиісті құжаттардың болуы мен ресімделуіне ерекше назар аударылды.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай облысы кәсіподағы ұйымының төрағасы С.М. Ибраевтың ақпараты назарға алынсын (қосымша беріледі)

2. Абай облысы ұйымының кәсіподақ органдарына:

- құқық қорғау қызметін ұйымдастыру бойынша қосымша шаралар қабылдау, заңнаманың сақталуына қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру, тексерулердің саны мен сапасын арттыру;

- барлық кәсіподақ құрылымдарының құқық қорғау қызметінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде білім беру ұйымдары басшыларының еңбек заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу болып саналсын; бұл ретте еңбекақы төлеу, демалысқа сауықтыру үшін демалыс және жәрдемақысын есептеу бойынша еңбек дауларын қозғайтын мәселелерге ерекше назар аударылсын.

3. Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыс, ЕҚЖЕҚ бөлімі облыстық ұйымды еңбек заңнамасының орындалуын, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мәселелері бойынша қажетті әдістемелік және консультациялық көмекпен қамтамасыз етсін.

**Төраға**



**А. Мұқашева**